

Қазақстан Республикасында қорғаныс, қорғаныс өнеркәсібі және өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері жөнінде кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 127-ө өкімі.

Ескерту. Өкімнің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің 07.08.2024 № 117-ө Өкімімен.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес:

1. Осы өкімге қосымшага сәйкес құрамда Қазақстан Республикасында қорғаныс, қорғаныс өнеркәсібі және өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) құрылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің 07.08.2024 № 117-ө Өкімімен.

2. Қоса беріліп отырған Кеңес туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің 07.08.2024 № 117-ө Өкімімен.

Премьер-Министр

Ә. Смайлов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2022 жылғы 25 тамыздағы
№ 127-ө өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасында қорғаныс, қорғаныс өнеркәсібі және өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері жөніндегі кеңес туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің 07.08.2024 № 117-ө Өкімімен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында қорғаныс, қорғаныс өнеркәсібі және өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес қызметінің мақсаты қорғаныс, қорғаныс өнеркәсібі және өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау болып табылады.

3. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Кеңестің жұмыс органдары:

қорғаныс мәселелері бойынша – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі

;

қорғаныс өнеркәсібі және өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері бойынша – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым министрлігі болып табылады.

5. Кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

2-тарау. Кеңестің міндеті

6. Қойылған мақсат шеңберінде Кеңеске:

қорғаныс саласындағы:

- 1) жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру;
- 2) мемлекеттік материалдық резерв;
- 3) азаматтық қорғаныс;
- 4) қорғанысты көліктік қамтамасыз ету;
- 5) аумақтық қорғанысты қамтамасыз ету;
- 6) қорғаныс мұддесінде аумақтарды жедел жабдықтау;

қорғаныс өнеркәсібі және өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы:

- 1) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау;

2) мемлекеттік органдарға өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесі бойынша, жеке және занды тұлғаларға өзіндік ерекшелігі бар тауарларды экспорттау, кері экспорттау, импорттау және олардың транзиті тәртібі бойынша ұсынымдар дайындау;

- 3) қорғаныс өнеркәсібі;
- 4) қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау;
- 5) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс;
- 6) әскери-техникалық саясат және қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенді дамыту;

7) шет мемлекеттермен әскери-техникалық және әскери-экономикалық ынтымақтастық мәселелерін қарау жөніндегі міндеттер жүктеледі.

3-тарау. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі

7. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы консультативтік-кеңесші органдардың құрылуы, қызметі және таратылуы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2022 жылғы 25 тамыздағы
№ 127-ө өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасында қорғаныс, қорғаныс өнеркәсібі және өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері жөніндегі кеңестің құрамы

Ескеरту. Құрамы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің 07.08.2024 № 117-ө Өкімімен.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылымдық вице-министрі, хатшы;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі;

Қазақстан Республикасының Көлік министрі;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылымдық министрі;

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі;

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі;

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі;

Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының орынбасары (келісу бойынша);

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі бастығының орынбасары (келісу бойынша);

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары (келісу бойынша);

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі;

Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының Индустріялық және инфрақұрылымдық даму бөлімінің менгерушісі;

Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының Қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімінің менгерушісі;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылымдар министрлігі Өнеркәсіп комитетінің төрағасы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК